

Бағдан Қатайқызы Момынова^{1*}, Умит Гарифуллаевна Анесова²^{1*}автор-корреспондент, филология ғылымдарының докторы, профессор,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0002-9354-233X E-mail: momynova_b@mail.ru²философия докторы (PhD), Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0003-0800-4156 E-mail: a_ymit@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КҮРДЕЛІ ЕТІСТІКТЕР: ҚҰРАМДЫҚ ЖӘНЕ МАҒЫНАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Андатпа. Мақалада етістіктердің зерттелуі, күрделі етістіктердің грамматикалық және семантикалық тұрғыдан бөлінісін түркі кеңістігінде зерттеген М.А. Казембек, А.Н. Кононов, С.М. Малов, Н.Б. Баскаков т.б. зерттеушілердің еңбектеріне тоқтала отырып, қазақ тіл білімінде күрделі етістіктер грамматикалық көрсеткіштеріне қарай, болмаса семантикасына қарай бөлінді ме, қайсысы басым түсетінін түсіндіру мақсаты болды. Күрделі етістіктердің лексикалануы Ж.Шакенов талдаулары негізінде қарастырылды. А.Байтұрсынұлы, А.Ысқақов, Ы.Мамановтардың күрделі етістіктерді жіктеудегі принциптері, пікір айырмашылықтары, терминдердің тұрақтануы т.б. мәселелер назарға алынды. Морфологиялық категориялардың бірі – күрделі етістіктер функционалды-семантикалық категорияның бастауы. Күрделі етістіктердің функционалдық тұрғыдан мағыналық мүмкіндіктерінің ашылуы семантикалық категория ретінде өмір сүруінің критерийі екені рас, ал өрістің әртүрлі тілдік құралдардың жиынтығынан тұруы семантикалық өрістің негізгі белгісі болса да, арнайы сөз болмайды. Функционалдылық мәселесі М.Жолшаева, С.Құлманов, А.Жаңабековалардың т.б. еңбектерінде қарастырылған. Ал бұл зерттеуде күрделі етістіктердің қолданысы, семантикасы қазіргі баспасөз мәтіндерінде қалай көрініс тауып отырғаны айтылады.

Тірек сөздер: күрделі етістік; құранды етістік; көмекші етістік; аналитикалық етістік; семантика; лексикалану; грамматикалану

Қаржыландыру көзі: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ЖТН BR24993244 «Қазақ тілі ұлттық корпусын Smart-мәтіндер мегажобасы және қазақтілді жасанды интеллект негізі ретінде жетілдіру, ішкорпустарын әзірлеу» (2024-2026 жж.) атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Момынова Б.Қ., Анесова У.Г. Қазақ тіліндегі күрделі етістіктер: құрамдық және мағыналық ерекшелігі. *Tiltany*, 2025. №4 (100). 22-35-66.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-22-35>**Багдан Катаевна Момынова^{1*}, Умит Гарифуллаевна Анесова²**^{1*}автор-корреспондент, доктор филологических наук, профессор,
Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0002-9354-233X E-mail: momynova_b@mail.ru²доктор философии (PhD), Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0003-0800-4156 E-mail: a_ymit@mail.ru

СЛОЖНЫЕ ГЛАГОЛЫ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ: СТРУКТУРНО-СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ

Аннотация. В статье рассматриваются изучение глаголов, а также грамматическое и семантическое разграничение сложных глаголов в тюркском языковом пространстве на основе трудов исследователей М.Казембека, А.Н. Кононова, С.М. Малова, Н.Б. Баскакова и др. В казахском языкознании существует полемика о разделении сложных глаголов на основе грамматических показателей или же семантики, о разрешениях и корректном подходе. Лексикализация сложных глаголов рассматривается на основе анализа Ж. Шакенова. Также уделено внимание принципам классификации сложных глаголов, различиям во взглядах и процессу закрепления терминов у А. Байтұрсынұлы, А. Ысқақова, Ы. Мананова и других ученых. Одна из морфологических категорий – сложные глаголы – является началом функционально-семантической категории. Раскрытие смысловых возможностей сложных глаголов с функциональной точки зрения действительно является критерием их существования как семантической категории. Хотя семантическое поле характеризуется тем, что включает совокупность различных языковых средств, само по себе оно не имеет специального выражения. Вопросы функциональности рассматривались в трудах М. Жолшаевой, С. Кулманова, А. Жаңабековой и др. В данном

исследовании анализируется, как использование и семантика сложных глаголов проявляются в современных газетно-публицистических текстах.

Ключевые слова: сложные глаголы; составные глаголы; вспомогательные глаголы; аналитические глаголы; семантика; лексикализация; грамматикализация

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта программно-целевого финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан ИРН BR24993244 «Совершенствование Национального корпуса казахского языка как мегапроекта Smart-текстов и основы казахского искусственного интеллекта, разработка его подкорпусов» (2024-2026 гг.).

Для цитирования: Момынова Б.К., Анесова У.Г. Сложные глаголы в казахском языке: структурно-семантические особенности. *Tiltanyim*, 2025. №4 (100). С. 22-35. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-22-35>

Bagdan Momynova^{1*}, Umit Anessova²

^{1*}Corresponding Author, Doctor of Philological Sciences, Professor,

A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty,

ORCID: 0000-0002-9354-233X E-mail: momynova_b@mail.ru

²Doctor of Philosophy (PhD), Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,

ORCID: 0000-0003-0800-4156 E-mail: a_ymit@mail.ru

COMPLEX VERBS IN THE KAZAKH LANGUAGE: STRUCTURAL AND SEMANTIC FEATURES

Abstract. The article examines the study of verbs, as well as the grammatical and semantic differentiation of complex verbs within the Turkic linguistic space, based on the works of researchers such as M.A. Kazembek, A.N. Kononov, S.Malov, N.B. Baskakov, and others. In Kazakh linguistics, there is an ongoing debate regarding whether complex verbs should be classified based on grammatical indicators or semantic features, and how to determine the most accurate approach. The lexicalization of complex verbs is analyzed through the works of Zh. Shakenov. Attention is also given to the principles of classifying complex verbs, differences in viewpoints, and the process of term standardization in the works of A. Baitursynuly, A. Ysqaqov, Y. Mamanov, and other scholars. One of the morphological categories – complex verbs – serves as the foundation of the functional-semantic category. The revelation of the semantic potential of complex verbs from a functional perspective is indeed a criterion for their existence as a semantic category. Although a semantic field is characterized by the combination of various linguistic means, it does not have a specific lexical form of its own. The issue of functionality has been explored in the works of M. Zholshaeva, S. Qulmanov, A. Zhanabekova, and others. This study analyzes how the use and semantics of complex verbs are manifested in modern newspaper and journalistic texts.

Keywords: complex verbs; compound verbs; auxiliary verbs; analytical verbs; semantics; lexicalization; grammaticalization

Source of financing: The article was prepared within the framework of the program-targeted funding project of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan IRN BR24993244 “Enhancing the National Kazakh language Corpus as a megaproject of Smart-texts and Kazakh artificial intelligence base, development of its subcorpora” (2024-2026).

For citation: Momynova, B., Anessova, U. Complex Verbs in the Kazakh Language: Structural and Semantic Features. *Tiltanyim*, 2025. No.4 (100). P. 22-35. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-22-35>

Кіріспе

Етістік – есім сөздерден кейінгі маңызды грамматикалық категориялардың бірі болып табылады. Түркі тілдеріндегі есім мен етістік арасындағы омонимияны зерттеген түркологтардың пікірінше, түркі тілдерінде кез келген түбір сөз бір уақытта әрі затты, әрі қимылды білдіре алады, яғни синкретті сипатқа ие. Осы тұрғыдан белгілі түркітанушы А.М. Щербак етістік формаларының негізінде қимыл атаулары жатқанын атап көрсетеді. Дәл осы қимыл атаулары есім мен етістік арасындағы синкреттіліктің нәтижесінде қалыптасады, нақты сөйлеу жағдайында сөйлеуші өз қарым-қатынасын әрекетті орындаушыға немесе әрекетке қатысты білдіре отырып, етістіктің семантикалық ерекшеліктерін айқындай түскен. Осылайша, қимыл атаулары етістік формаларының семантикалық көптүрлілігінің қалыптасуына негіз болды.

Әрине, етістікке тән қосымша морфемалардың сөздің формасын өзгертуі немесе жаңа сөз тудыру қасиеттеріне қатысты зерттеушілер арасында ортақ пікір қалыптасуы оңай емес. Себебі, кейбір етістік формаларының мағыналық құрылымы күрделі болғандықтан, оларды тек сөз

тудырушы немесе *сөз өзгертуші* деп қарастыру шектеулі көзқарасқа әкелуі мүмкін. Бұл тұрғыда А.М. Щербак грамматикалық формалардың қызметін біржақты бағалаудың орынсыз екенін атап көрсеткен.

А.М. Щербак «Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (глагол)» атты еңбегінде Э.В. Севортянның мына пікірін келтіреді: «Э.В. Севортян өз монографиясындағы етістіктің сөзжасамына арнаған алғы сөзінде етісті (залог) «сөзжасамдықтан грамматикалық даму сатысына ауысқан» тарихи категория деп тауып, түркі тілдерінде кейбір етістер сөзтудырушы сфераға жақындығын, кейбірінде сөз түрлендіруге жақын болып тұратынын байқағанын атап кетуі жай емес» (Щербак, 1981: 3).

Ғалым бұл пікірді алға тарта отырып, етістік формаларын сөз тудырушы және сөз өзгертуші деп бөлудің шартты сипатқа ие екенін айтқысы келген. А.М. Щербак өз еңбегінде алғысөзден кейін өзі қолданған 26-дан астам түркі жазба деректерінің тізімін ұсынады, олардың қатарында «Білге-қаған», «Күлтегін» сияқты көне жазба ескерткіштерімен қатар, кейіннен Анкара, Стамбул, Висбаденде жарық көрген түркітанушылық материалдар да бар. Сондай-ақ ғалым 41-ден астам түркі тіліндегі мерзімді басылымдар мен жинақтардың материалдарын зерттеуде пайдаланғанын нақты тізімдеп көрсетеді.

Материал және әдістер

Мақаланы жазу барысында тарихи-салыстырымалы әдіс етістіктердің зерттелу тарихы, оларды классификациялау туралы түркологиялық еңбектерден бастап қазіргі қазақ тіліндегі зерттеулер барынша қарастырылды, негізгі ойлар, ғылыми пікірлер жинастырылды, топтастырылды, салыстырылды. Себебі грамматикалық категорияның кез келгенінің ішкі мағыналық топтары көбейген сайын, жұмсалымдық табиғаты ашыла береді, әсіресе бұл смарт-мәтіндерде байқалады. Алайда күрделі етістіктердің түрлері мен аталуының әр ғалымның еңбегінде әртүрлі келуі, әрбасқа талдануы тілдің ұлттық корпусы үшін де, ол арқылы білім алушылар үшін де, оқулықтар, оқу құралдары авторлары үшін де ыңғайлы болмайды. Сондықтан жинақтау әдісіне басымдық беріліп, корпуста бірізділіктің болуын қамтамасыз ету мақсатында жинақтау, талдау әдісі қолданылды. Ал статистикалық әдіс қазіргі газет мәтіндеріндегі күрделі етістіктің қолданыс жиілігін анықтайды, олардың смарт мәтіндердегі көрінісі корпус жасаудағы ерекшеліктерді тануға көмектеседі.

Әдебиетке шолу

Мақаланы жазу барысында А.М. Щербактың «Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (глагол)» (Щербак, 1981: 3) еңбегіндегі етістікке байланысты ғылыми тұжырымдары, етістіктің күрделі түрлерін атайтын терминдер, олардың ұтымды болуы, дәлдігі, даму барысындағы өзгерістері, қазіргі етістіктерге қатысты жіктелістің ғылыми негізділігі айтылды. Күрделі етістіктердің құрамындағы көмекші етістіктердің морфологиялық сипаты Қ. Жұбанов, А. Ысқақов, Ы. Маманов еңбектерінде жақсы талданған, олардың пікірлерінде ұқсастық та бар. Күрделі етістік құрамынан орын алатын Қ. Жұбанов қалыптастырған қалып етістіктері туралы пікірлер кейінгі уақытта дамытылған. Қалып етістіктерінің тарихи сипатына тоқталған М. Оразов түркі тілдері тарихында олардың қолданылуы мен мағынасында, синтаксистік қызметінде бірізділік жоғын айтады (Оразов, 1997). Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктерді құрамына қарай жіктеудің басты принциптерін көрсеткен еңбектердің бірі – Ы. Маманов еңбегі. Ы. Мамановтың «Қазіргі қазақ тілі. Етістік» (Алматы, 1966), сондай-ақ А. Ысқақовтың «Қазақ тілі. Морфология» (Ысқақов, 1991) сынды еңбектері мен қалып етістіктерінің күрделі етістік құрамындағы функциясы көрсетілетін басқа да біраз зерттеулерге сүйеніп, күрделі етістіктердің грамматикалық, семантикалық табиғаты анықталған.

Нәтижелер және талқылау

Түркі тілдеріндегі күрделі сөз мәселесіне көп көңіл бөліп, ғалымдардың назарын аударған М.А. Казембек пен Алтай грамматикасын жазушылар болды. М.А. Казембек: «Түрік тіліндегі көптеген етістіктер есім мен етістіктердің тіркесуінен құралады. Бұл бөлімге енетін етістіктер өте көп, олар тілек, ниеттену және қиналу сияқты адамның көңіл-күйін жеткізеді», – дейді еңбегінің «Құрамдас» («Составные») деп аталатын бөлімінде.

Күрделі етістіктер Орхон-Енисей жазбаларында кездесе ме деген сұрақ туындағанда,

әрине, Орхон жазбаларында күрделі етістіктер барын айту керек. Айталық, *Чықан будунық бай қылтым, аз будунық уқуш қылтым* (Малов, С. 7) дегендегі айрықшаланған сөздер күрделі етістіктер болып табылады, оның ішінде А. Ысқақов жіктелісіне қарай *құранды етістік* болып келеді.

Етістік құрамына қарай дара және күрделі етістіктерге бөлінеді. Олардың компоненттерінің санының көп немесе аз болуы сөйлемдегі жеткізілетін ойға қарай. Күрделі етістіктер күрделі сөздер тобына жатады, өйткені олар бірнеше сөздің мағыналық және синтаксистік жақтан бірігуі, тұтастануы арқылы жасалады. Келтірілген мысалдарда күрделі сөздерді байланыстырып тұрған қандай да бір грамматикалық қосымшаның болмауы – олардың негізгі құрылымдық ерекшеліктерінің бірі. Бұл жағдай күрделі етістіктердің аналитикалық сипатқа ие екенін және олардың құрамдас бөліктері көбінесе морфологиялық өзгерістерге ұшырамай-ақ тіркесіп қолданылатынын дәлелдейді. Ал, керісінше, негізгі және көмекші етістіктер байланысқа түскен уақытта олар нақты бір грамматикалық формаларсыз немесе көрсеткіштерсіз тұтастық құрай алмайды. Мысалы: *бол+ып е+ді, айт нақ+шы е+ді, жеделдет+іп айт+нақ+шы бол+ып е+ді* т.б. Осындай және тағы да өзге ерекшеліктерге байланысты күрделі етістіктер күрделі сөздердің басқа түрлерінен айрықшаланып тұрады.

Күрделі етістіктердің түркологияда қарастырылуы

Академик А. Кононов «Грамматика узбекского языка» атты еңбегінде күрделі етістіктердің екі түрін көрсетеді: *есім – көмекші етістіктер; толық етістіктер – көмекші етістік*. Ғалым соңғы еңбектерінде күрделі етістіктің осы екі түрін тұрақты тіркестер арқылы жасалған күрделі етістіктермен толықтырды.

Н.А. Баскаков «Грамматика каракалпакского языка» еңбегінде бұл етістіктерді «күрделі етістік» (сложные глаголы) терминімен емес, «құранды етістік» (составные глаголы) терминімен атауды ұсынады, құрамы мен ерекшеліктерін былайша сипаттайды: «Құранды етістіктер есімнен немесе етістіктің атау тұлғасынан немесе дәнекерден құралады, мысалы: *«йок эт – уничтожатъ»*. Н.А. Баскаков күрделі етістіктерді «көсемшенің -а, -е немесе -ып, -іп тұлғалы негізгі етістік пен жіктеу тұлғасындағы көмекші етістіктен, мысалы, *«алып кел»* тұрады», – деп көрсетеді. Осы ғалымның көрсетіп кеткен күрделі етістіктері қазіргі қазақ тілі грамматикаларында *аналитикалық етістіктер* деп аталады.

М. Оразовтың «Етістік» атта монографиясы етістіктің грамматикалық формаларының қалыптасуына, түптеп келгенде, тіл тарихына арналған ғылыми басылым (Оразов, 2001). Бұл еңбекте грамматикалық формалардың қосымшалары, олардың варианттары, автордың өзіндік топшылаулары, жекелеген орта ғасыр ескерткіштеріндегі қосымшалар тұлғасының қалыптасуы түркі тілдері материалдарын салыстырыла сөз болады. Етіс қосымшалары, болымсыз етістіктер, есімше, көсемше қосымшалары, қимыл атау категориясы, рай, шақ, жіктік категорияларына арналған тараушалар бар. Көңіл аударуға болатын «Амалдың өту сипаты категориясы» атты тараушасында амалдың өту сипаты мен сипат категориясы бір ме деген сауал қоя отырып, амалдың өтуінің сөзжасамға қатысы бар-жоғына тоқталады. Орыс тіліндегі вид категориясын қазақ тіліне толық көшіруге болмайды деген тұжырым айтады, дәлелдер келтіреді. Біздің айтпағымыз, бұл категориялар белгілі бір дәрежеде күрделі етістіктермен байланысты, өйткені күрделі етістік компоненттерінің *-ып -жүр, -ып, -а отыр* т.б. сынды форманттармен аяқталатындары бар. Осы мәселелер Н. Оралбаеваның аналитикалық етістіктерге арналған еңбегінде өте жақсы талданған, олар мағыналық-семантикалық топтарға бөлінген (Оралбаева, 1978). Амалдың өту сипаты функционалды-семантикалық талдауға түсірілген. Мақалада, атап өткеніміздей, таза функционалды бағыт сөз болмайды, қажетіне қарай ғана ойға арқау етіледі.

Күрделі етістіктердің лексикалануы мен грамматикалық тұлғалануы

Күрделі сөздердің басқа бір категорияға ауысуы немесе лексикалық тұлға ретінде орнығуы – кездейсоқ құбылыс емес, бұл процесс белгілі бір заңдылықтар негізінде жүзеге асады: *лексикалану, грамматикалану және идиомалану*. Ж. Шакенов «той жасау», «амал қылу», «сый көрсету» сияқты тіркестердің басыңқы компоненті заттық ұғымды білдірсе де, қимыл-әрекет атауына айналуын олардың құрамындағы соңғы компоненттің сөз тудыру қасиетімен байланыстырады (Шакенов, 1991: 68). Ғалым лексикаланудың тілдегі мағыналық өзгерістер

арқылы жүзеге асатынын, мұндай сөздердің қалыптасуы белгілі бір ұғымдас лексикалық бірліктермен қатар жүретінін көрсетіп, оларды мынадай топтарға жіктейді:

1		2
<i>май басу</i>	—	<i>майлану</i>
<i>шу көтеру</i>	—	<i>шулау</i>
<i>жылт ету</i>	—	<i>жылтылдау</i>
<i>сын тағу</i>	—	<i>сынау</i>
<i>ілгері басу</i>	—	<i>ілгерілеу</i>

Келтірілген мысалдарға қарағанда, сөздердің бір-бірінен айырмашылығы олардың жасалу тәсіліне байланысты екені байқалады. Бірінші қатардағы сөздер аналитикалық тәсілмен жасалса, екінші қатардағы сөздер заттық ұғымын жоғалтып, етістікке тән грамматикалық формалармен түрленетін құрылымға айналған. Бұл сөздер грамматикаланған бірліктер ретінде қарастырылады, өйткені олардың бастапқы мағынасы өзгеріп, тілдегі етістіктердің жүйесіне ауысқан. А. Ысқақов осы тұлғалас күрделі етістіктер құрамындағы көмекші етістіктер беретін мағынасы жағынан (*шу көтеру* – *шу-лау*) жұрнаққа ұқсас болғанымен, формасы мен мағынасы жағынан ешуақытта онымен теңесе алмайтынын айтады.

Іс-әрекетті, қимылды білдіретін күрделі сөздер – күрделі етістіктер. Бұлардың лексика-семантикалық мағыналары әртүрлі болғанымен, лексика-грамматикалық мағыналары жалпыланған, *Не істейді? Не қылады?* деген сұрақтарға жауап береді. Құрылысы күрделі, екі не одан да көп компоненттерден тұрады. Морфемалық құрамы жағынан әртүрлі болып келеді, дегенмен, олар жалаң түбір морфемалардың тіркесуінен (*еңбек ет, әрекет қыл, қызмет істе*) және қосымшалы түбірге жалаң түбірлердің тіркесуінен қалыптасқан (*барып кел, айтып қал, ойлап тап*).

Қазақ тіліндегі күрделі етістіктердің құрамы және грамматикалық мағыналары

Ғ. Бегалиев, Н. Сауранбаевтың «Қазақ тілінің грамматикасы» еңбегінде күрделі етістік ұғымы *екі немесе одан да көп етістіктен құралып, бір әрекетті білдіретін сөздер* ретінде сипатталады. Мысалы, *атып ал, тұра тұр, жата тұр, өліп қала жаздады, күліп жіберіп жаздап қалды* сияқты тіркестер *бір ғана сұраққа жауап береді, сөйлемде бір мүше қызметін атқарады және қара сөзде орындарын ауыстырмайды* (Бегалиев, Сауранбаев, 1944: 120).

1967 жылғы «Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология. 1-бөлім» еңбегінде күрделі етістік қазақ тілінде жиі қолданылатын форма деп көрсетілген. Оның құрамындағы негізгі етістік қай көсемше формасында тұруына және қандай көмекші етістікпен тіркесетініне байланысты түрлі грамматикалық мағына береді (Қазақ тілінің грамматикасы, 1967: 194).

А. Ысқақов «Қазақ тілі. Морфология» еңбегінде күрделі етістіктерді негізгі қасиеттері екі немесе одан да көп компоненттен тұрып, сөйлеу және жазба тілде бірдей қолданылатын етістік тіркестері ретінде сипаттайды. Мысалы, *көмек көрсете көр, телефон соға сал, ала келсе игі еді, кетіп бара жатыр екен, жығылайын деп тұр, құлап кете жаздап барып қалды* сияқты тіркестерді күрделі етістік деп атайды (Ысқақов, 1964: 259).

Н. Оралбаева «Күрделі етістік компоненттерінің жасалуына барлық бөліктері бірдей қатысады және олардың әрқайсысы толық мағыналы етістік болып табылады» деп айтады. Оның пікірінше, күрделі етістік құрамындағы жеке компоненттердің мағыналық жиынтығы арқылы біртұтас қимылды білдіреді (Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі, 1987: 294). С. Исаев күрделі етістіктерді екі немесе одан да көп сөзден құралып, бір мағынаны білдіретін, бір сұраққа жауап беретін және сөйлемде бір ғана мүше қызметін атқаратын етістіктер деп анықтайды: *күрделі етістіктер – құрылымдық және мағыналық тұрғыдан тұтасқан бірліктер*. Мысалы, *маңырап жатыр екен, жамап отыр екен* т.б.». Яғни алдыңғы ғалымдардың ойын құптайды (Исаев, 1993: 170).

Бұл анықтамалар бір-біріне ұқсас болғанымен, келтіріліп отырған мысалдары бір-біріне ұқсамайды. Қисын бойынша күрделі сөздің мағынасын жасауға келгенде компоненттерінің қызметтері тең болуы тиіс. Айталық, *келсе игі еді* сияқты мысалдарда компоненттердің алғашқы

сыңарлары мағыналы, ал екінші сыңарлары мағыналарын жоғалтқан я болмаса көмескіленген. Керісінше, *барып кел* – күрделі қимылды білдіреді, екі компоненттен тұрады, қызметтері тең. Сондықтан келтірілген басқа мысалдарда өзгешеліктер бар. Себебі зерттеушілер күрделі етістіктер мен аналитикалық етістіктерді айырып көрсетпейді.

Сонда күрделі етістік жасалуы үшін сөздер қалай тіркеседі немесе тіркесудің өзі қандай үдеріс? Сөйлеу кезінде сөз статикалық күйде білдіретін мағынасынан басқа мағыналық реңктер жамап алады. Ең бастысы сөз сөйлеу кезінде жеке-дара жұмсалмайды, басқа сөздермен тіркесіп барып қолданылады. Бірақ сөз атаулы бір-бірімен талғаусыз тіркесе де бермейді, бірін-бірі талғайды, белгілі бір сөздер тобымен ғана тіркеседі. Тіркесу сөздердің бір-бірімен мағыналық және грамматикалық үйлесімі арқылы жүзеге асады. Үйлесім болмаса лексикалық та, грамматикалық та қателіктер орын алып, тілдің заңдылығы мен жүйесі бұзылар еді. Үйлесімділік, әсіресе, лексикалық тіркесімдерде болуы тиіс және лексикалық тіркесім сөздердің белгілі бір сөздер тобымен, мүмкін сөздердің шектеулі санымен, нақты тілдік бірліктермен ғана үйлесуін керексінеді. Сөздердің лексикалық жағынан тіркеске дұрыс түспеуі қателіктерге ұрындырады. Бұл грамматика заңдылықтарының бұзылуына себепші болып, грамматикалық қателіктер орын алады.

Сөздердің мағыналық жақтан дұрыс тіркесуі тіркесуге икемді, бейімделген, белгілі бір сөздер тобының болатынын білдіреді де лексикалық және семантикалық тұрғыдан дұрыс тіркестер құралады. Ал грамматикалық тіркесімдер сөйлемнің грамматикалық жақтан дұрыс құрылуын қамтамасыз етеді. Мұның өзі қай тұрғыдан болмасын үйлесімділік керектігінен білдіреді. Тіркесу дегеннің өзі күрделі сөздің туындағанын айтып тұрады, оның құрамының, бірнеше компонент болатындығынан хабардар етеді.

Кесте 1 – Күрделі етістіктердің құрамына қарай классификациясы¹

Таблица 1 – Классификация сложных глаголов по их составу

Table 1 – Classification of Compound Verbs according to their Structure

№	Күрделі етістік түрі	Құрамындағы элементтер	Мысалдар
1	Екі бөлімді күрделі етістік	Екі етістіктен тұрады	бере бер, бара жатыр
2	Үш бөлімді күрделі етістік	Үш дара етістік: 2 негізгі, 1 көмекші	айта бастап еді, кетіп бара жатыр
3	Төрт бөлімді күрделі етістік	Төрт етістік: 2 негізгі, 2 көмекші	шыдай алмай отыр еді, айтып бере алмай қалды
4	Бес бөлімді күрделі етістік	Құрылымы одан да күрделі	Нақты мысалдар көрсетілмеген
5	Аралас күрделі етістік	Есім сөз + етістік тіркесі	Тіркескен есім сөздер мен етістіктер

Қазіргі қазақ тілінде күрделі етістіктер *құрамына* және *грамматикалық мағынасына* қарай үш негізгі топқа бөлінеді:

1. Тіркесті түбір етістік – есімдер мен еліктеуіштердің көмекші етістіктермен тіркесуі арқылы жасалады, есім сөздер мен еліктеуіштер етістікке айналып, қимыл-әрекетті білдіретін сөздер болады. Мысалы: *жек көру, тарс ету, гүрс ету*;

2. «еді» көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалатын күрделі формалар – негізгі етістікпен тіркескен *еді* көмекші етістігі өткен шақ немесе модальдық мағына үстейді. Мысалы: *келе жатыр еді, жақтырмайтын еді*;

3. Көсемшелер мен көмекші етістіктердің тіркесуі арқылы жасалатын формалар – күрделі етістіктің бірінші сыңары көсемше түрінде негізгі лексикалық мағынаны білдіреді, ал екінші сыңары көмекші етістік ретінде грамматикалық мағына үстейді. Мысалы: *кетіп қалу, келе жатса, оқып шыққан, айтып салды*.

¹ Ғ. Бегалиев, Н. Сауранбаевтың жіктелімі бойынша (Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1944).

Осылайша, қазақ тіліндегі күрделі етістіктердің құрамы мен мағыналық ерекшеліктері олардың жасалу тәсілдеріне байланысты өзгеріп отыратыны белгілі болады.

Күрделі етістіктердің жіктелісі

Профессор А. Ысқақов күрделі етістіктердің бірнеше түрін көрсетеді:

1. Құранды күрделі етістік – бірінші компоненті есім негізді сөз, екінші компоненті көмекші етістік. Мұндай етістіктер құрамына қарай екі түрлі сөздің бірігуі арқылы жасалып, сыртқы тұрпаты мен ішкі мазмұны жағынан құранды болады. Мысалы:

- *дем ал*
- *жақсы көр*
- *үлгі қыл*
- *ғалым бол.*

Бұлардың бірінші сыңары – зат есім, екінші сыңары – етістік, құрандалы тәсілмен жасалған күрделі етістік түрі. Бұл күрделі етістіктер тек семантикасы жағынан емес, күрделі грамматикалануына қарай, етістіктің барлық парадигмасын жасауға негіз болады. Аталған үлгі бойынша жасалған күрделі етістіктің лексикалық мағынасына бірінші компонент, есім сөз негіз болса, екінші компонент көмекші етістік сол есімді етістікке айналдыратын дәнекер есебінде қызмет атқарады (Ысқақов, 1991: 239).

2. Құрама күрделі етістік – екі компонентті етістікті тіркес. Осындай етістіктердің ерекшелігі мынада: әр компоненттің өзіндік лексикалық мағынасы бар, бірақ бірігіп, жаңа мағына береді:

- *алып кел → ал да кел*
- *алып бар → ал да бар*
- *алып кет → ал да кет.*

Бұл тіркестердегі жеке компоненттердің мағыналары әртүрлі, бірақ тіркесу барысында біртұтас мағына қалыптасады.

3. Сараламалы күрделі етістіктің құрамы: етістік + көсемше тұлғасы + көмекші етістік. Ерекшелігі: көмекші етістік негізгі етістіктің мағынасын нақтылайды, бірақ толық өзгертіп жібермейді, мағынасын саралайды:

- *айта сал → не болса да айтып жібер*
- *айтып қал → қандай жағдай болмасын айтып қалу*
- *айтып жібер → үндемей қалуға болмайды, деп айту*
- *айтып бер → сөйлеп беру, жасау беру.*

4. Тұрақты күрделі етістіктің (идиомаланған тіркес). Фразеологиялық тұрақты тіркестердің ерекшелігі: осындай күрделі етістіктер грамматикалық тұрғыдан бөлшектенбейді және лексикалық тұрғыдан біртұтас мағынаға ие. Мысалы:

- *опық жеді → өкінді*
- *жан алқымға алды → қысты*
- *көз салды → қарады, көңіл аударды.*

Бұл тіркестердің құрамындағы сөздердің бастапқы мағынасы өзгеріп, жаңа фразеологиялық мәнге ие болған.

Қорыта келгенде, профессор А. Ысқақовтың классификациясы бойынша күрделі етістіктер төрт негізгі түрге бөлінеді. Бұл жіктеліс қазақ тіліндегі күрделі етістіктердің құрылымдық және мағыналық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді және күрделі етістіктер құрамындағы сөздердің мағыналарының жай ғана қосындысы емес, күрделі тұлға, сондықтан олардың семантикасы жаңа болады, мағыналық реңктерін талдау – ерекше өзекті.

1. Күрделі етістікті етістіктің жай еркін тіркесінен сыртқы формасына қарай ажырату қиын. Етістік тіркестің құрамындағы компоненттерінің әрқайсысы өзді-өздіне тән бастапқы компоненттерінің лексикалық мағыналарын толық сақтап, дербес мүше бола алса, жеке-жеке сұраққа жауа берсе, онда жай синтаксистік (еркін) тіркес болғаны. Мысалы, *поезға асығыс міндім – асығыс поезға міндім.*

2. Ал Ы. Маманов «Қазіргі қазақ тілі. Етістік» (Алматы, 1966) еңбегінде күрделі етістіктерге басқаша сипаттама береді. Ол өзге ғалымдар күрделі деп атап *жүрген мыңқ етпеді,*

құр қалу, тарс ету, ер жету сияқты күрделі сөздерді есім сөздер мен көмекші етістіктердің тіркесінен жасалған *тіркесті түбір етістік* деп атап, түбір сөздің қызметін атқаратынын айтады (Маманов, 1966: 55). «еді» көмекші етістігі негізгі етістікке тек өткен шақтық мағына ғана үстейді. Бұл құрылымда лексикалық мағына өзгермейді, тек грамматикалық мағына айқындалады. Мысалы:

- *оқып едім* → (*оқу әрекеті бұрын болғанын білдіреді*)
- *айтқан еді* → (*бір кездері айтылғанын көрсетеді*).

Осыған байланысты, «еді» көмекші етістігімен жасалған тіркестер таза күрделі етістіктер емес, олар грамматикалық категория тұрғысынан өткен шақтық мән беретін қосымша тұлға ретінде қарастырылады.

Ы. Маманов күрделі етістік деп көсемше формасы мен көмекші етістіктердің тіркесуінен болған күрделі сөздерді атайды. Олардың көсемше формасында тұрғандары лексикалық негізгі мағынаға ие болса, соңғы көмекші етістік сыңарлары грамматикалық мағына үстейтін элементтер ғана деп санайды. Сонымен қатар күрделі сөздің құрамындағы көмекші етістіктер күрделі етістіктердің басқа грамматикалық формалармен түрленуінде конструктивті қызмет атқаратынын атайды. Осылайша өзіндік көзқарасын дәлелдей келе, Ы. Маманов күрделі етістіктердің төрт түрін бөліп көрсетеді, олар:

- кесімді күрделі етістіктер (*алып кел, жеп қой, ішіп жібер* т.б. бұлардың негізгі мағынасы амалдың, істің кесімді түрде орындалатынын білдіруінде);
- босаң күрделі етістіктер (*ала келу, айта беру* сияқты амалдың босаң орындалғанын білдіретін етістіктер);
- бейімдік күрделі етістіктер (*отыр, тұр, жүр, жатыр* көмекші етістіктерімен тіркесу арқылы жасалған етістіктер);
- қалау мәнді күрделі етістіктер (*-ғы, -гі, -қы, -кі* формасы мен *кел* етістігінің тіркесуі арқылы жасалған етістіктер).

Ы. Мамановтың құранды күрделі етістіктерді бұл топқа қоспағаны көрініп тұр. Біздіңше, күрделі етістік түрлері мағынасына қарай топтарға бөлінген. Яғни компоненттерінің тек грамматикалық мағына ғана емес, мағыналық реңктер үстейтіні байқалады. Осы жерде А. Ысқақовтың «Бұл етістіктердің қай жерде қолданылу, қай жерде қолданылмау машығына қатысты ерекшеліктері, ең алдымен, олардың семантикалық сипатына байланысты» (Ысқақов, 1991: 259-260) деген пікірі расталады. Дегенмен Ы. Мамановтың күрделі етістіктерді өзінше жіктеуі ғалымның етістіктің грамматикалық сипатын жеткізуден гөрі олардың грамматикалық формалар тудыратын мағынасына басымдық бергенін көрсетеді. Олай болатыны, күрделі етістіктердің жіктелуі: а) *қимылдың босаң өтуінен*; ә) *жол-жөнекей өтетіндігінен*; б) *қимыл иесінің бір қимылды жасар алдындағы соған бейімделуінен*; в) *қимылды қалауынан яки қаламауынан*; г) *қимылдың созылыққы өту сипатынан, аяқталғандығынан* хабардар етеді. Дегенмен мұның өзі грамматикалық формалардың тек қана грамматикалық мағына үстеп қоймай, кейде семантикалық реңктер тудыратынын А. Ысқақовтың байқағанын тағы да айтып өту керек.

Күрделі етістік құрамындағы көмекші етістіктердің қызметі

Көмекші етістіктердің күрделі етістік жасаудағы қызметі айрықша. Өйткені етістіктер қызметіне қарай көмекші және жетекші (негізгі, толық деп те айтылады) деген топқа бөлінеді. Қазақ тіліндегі көмекші етістіктердің қызметі мен мағыналық реңк тудырудағы қызметтері, терминдік атауларының қалыптасуының өзі жеке қарастыруға лайық. Айталық көмекші етістіктерді қызметіне қарай *толымды* және *толымсыз* көмекші етістіктер деп қарайтын ғалымдар бар.

Етістіктерді лексикалық және грамматикалық қызметіне қарай екі негізгі топқа бөлуге болады. 1. Бірінші топ – негізгі түбір етістіктер. Бұл топқа өзінің бастапқы лексикалық мағынасын толық сақтайтын және сөйлем ішінде дербес қолданылатын етістіктер жатады. Негізгі лексикалық мағынасы бар, соған орай грамматикалық қызмет атқаратын түбір етістіктер. Олар өздігінен сөйлем мүшесі қызметін атқара алады және грамматикалық тұрғыдан өзгеріссіз қалады. 2. Екінші топ – негізгі және көмекші қызметті қатар атқаратын етістіктер. Бұл топтағы

етістіктер өз мағынасын толық немесе жартылай сақтап, дербес қолданылғанда негізгі етістік бола алады. Бірақ олар басқа етістікпен тіркескенде, өзінің бастапқы лексикалық мағынасын өзгертіп, тек грамматикалық мағына үстейтін көмекші етістік рөлін атқарады. Мысалы, төмендегі етістіктер негізгі және көмекші етістік ретінде жұмсала алады. Бұл етістіктердің саны шамамен отыздай: *ал, бар, баста, бақ, бер, бол, біл, де, ет, жүр, жібер, кел, кет, көр, қал, қара, қой, қыл, отыр, сал, таста, тұр, тұс, шық* және т.б.

Көмекші етістіктердің лексика-грамматикалық жіктелісі

Көмекші етістіктер мағыналық ерекшеліктеріне қарай төрт топқа бөлінеді. 1. Қалып етістіктері. Бұл топқа төрт негізгі етістік жатады: *отыр, тұр, жатыр, жүр*. Олар кейде дербес етістік ретінде қолданылса, кейде негізгі етістікке қосымша грамматикалық мағына үстейтін көмекші етістік қызметін атқарады, негізгі етістік ретінде:

- *Мен осында отырмын.*
- *Ол қалада жүр.*

Көмекші етістік ретінде:

- *Қарап отыр.*
- *Байқап жүр.*

Бұл қалып етістіктері етістіктің қимыл-қозғалыс сипатын нақтылау үшін қолданылады және сөйлеу барысында негізгі етістікпен бірге жұмсалады. А. Байтұрсынұлының «Он екі томдық шығармалар жинағы. Қазақ және орыс тілдерінде. Төртінші том. Тіл-құрал» (Астана, 2022) еңбегінде етістіктерге бір ғана бет бөлінген. Онда етістік сөздер заттың немесе субъектінің атқаратын іс-әрекетін білдіретін сөздер ретінде сипатталады. Етістік ретінде берілген сөздер: *арт, тарт, ал, ұр, саба, соқ, қорық, күрес, маңыра, сөк, сүз, таста, шық, жық, ас, ал, төз, көр, қақ, қада, кір, төк, өксі, таңда, сескен, ұлы, өлше, кеп, біл, сыз, бер, бас, ұста, ұр, ти, ой, күт, тұр, ор, шақ, жап, жек, бар, кет, тара, қара, жап, жала, құй, жап, қой, той, сой, жой, жуу, бу, қу, жи, тый, қи, ки, йй*. Етістіктердің сұрақтары: *не етпек? не істемек? не қылмақ? не болмақ?* Алайда бұл еңбекте қалып етістіктері (*отыр, тұр, жатыр, жүр*) туралы мәлімет берілмеген. Бұл қалып етістіктерінің грамматикалық категория ретінде кейінгі зерттеулерде қалыптасқандығын көрсетуі мүмкін. А. Байтұрсынұлы еңбегінде етістіктердің лексикалық сипатына көбірек назар аударылған, ал олардың грамматикалық түрлерін жүйелеу кейінгі қазақ тіл білімінде кеңірек қарастырылған.

Отыр, тұр, жүр, жатыр етістігіне алғаш ғылыми талдау жасаған – Қ. Жұбанов. Ол аталған етістіктердің жеке тұрып предикаттық қызметте жұмсалатынын айтады. Күрделі етістіктерді грамматикалық және мағыналық жақтан сипаттау үшін күрделі етістік құрауға негіз болатын көмекші етістіктерді талдағанда, қалып етістіктеріне барынша тоқталып өтеді. Бірақ бір мәлімет табылар деген «Жетек сөз бен жетекші сөз»-ге арналған талдауында қалып етістіктері туралы мәлімет кездеспейді. Онда: «Сөйлем ішінде сөздер бірін-бірі ерте де, біріне-бірі ере де байланысады. Еруші сөзді жетек сөз, ертуші сөзді жетекші сөз дейміз», – дейді. Яғни сөздердің байланысуы (қосымшалар арқылы) туралы ғана айтылған (Жұбанов, 2002). Көмекші етістіктердің сан алуан қызметі А. Ысқақов, Н. Оралбаеваның ғылыми пікірлерінде барынша кеңінен ашылған. Қалып етістіктері көп ретте көмекші етістіктер құрамында аталады, бірақ көмекші етістіктердің ішінде *отыр, жүр, тұр, жатыр* етістіктері осы шақтық мәні бар, ортақ қасиеттері бар, әрі негізгі, әрі көмекшілік қызметін атқаратын етістіктер.

Қалып етістіктерін бірде көмекші, бірде қалып етістік деп атай отыра, Ы. Маманов сыпат категориясын қалып етістіктері жасайтындығын, оларды *грамматикалық морфема* санайтынын былайша дәлелдейді: «Қимылдың ағымы процесс түрінде өтетіндігін білдіретін етістік формасы созылыңқы сыпатқа жатады. Созылыңқы сыпат көсемше формаларының *отыр, тұр, жатыр, жүр* көмекші етістіктермен тіркесуі арқылы жасалады. Көсемше формадағы етістіктер негізгі сөздік мағынаға ие болып, көмекші етістіктер негізгі қимылдың созылыңқы процесс түрінде өтетіндігін білдіретін *грамматикалық морфема* болып саналады» (Маманов, 2014). Ы. Маманов өзге түркі тілдерінде қалып етістіктерінің грамматикалық формаға айналып бітті, қазақ тілінде де осы процесс өгіп жатыр деп біледі т.б. Ол: «Етістіктердің бір-бірімен тіркесу қабілеттілігі бірдей емес. Кейбір етістіктер көптеген етістіктермен кеңінен тіркесіп қолданылса, ал кейбірінің тіркесу

мүмкіндігі шектеулі, яғни тек бір немесе екі етістікпен ғана тіркесуі мүмкін. Мысалы, *отырып* етістігі әртүрлі етістіктермен тіркесу қабілетінің жоғары болуымен ерекшеленеді, сондықтан оны *отырып оқу, отырып жазу, отырып сөйлеу* сияқты қолданыстарда кездестіруге болады. Ал *сөніп, өсіп* сияқты етістіктердің тіркесу аясы тар, олар екі-үш етістікпен ғана еркін тіркесуі мүмкін (Маманов, 2014: 61). Біздіңше, семантикасына байланысты.

2. А. Ысқақовтың жіктемесі бойынша *бол, ем, қыл* етістіктері *екінші топқа* жатқызылады. Бұл жиі қолданылатын көмекші етістіктер және есім сөздермен тіркесіп, етістік мағынасы бар тіркестер жасайды. Олар функционалдық жақтан семантикалық реңк қосып, әрекетті нақтылауға көмектеседі. Мысалы: *ән салды, көз салды* және т.б. Бұл етістіктер кейде жетекші (негізгі) етістік ретінде де қолданылады. Ал көмекші етістік қызметінде жұмсалғанда, олар құранды күрделі етістіктердің қалыптасуына негіз болады.

3. *Еді, екен, емес* етістіктері көмекші етістіктердің жеке тобын құрайды және олар тек көмекші етістік ретінде ғана қолданылады, дербес мағынасы болмайды.

4. *Де* етістігі өз алдына жеке топ жасайды, себебі оның қызметі басқа көмекші етістіктерден ерекше.

Құранды етістіктер туралы айтқанда, күрделі етістіктердің осы түрін жасауға қатысатын негізгі көмекші етістіктер – *бол, ем, қыл* екенін атау қажет. Бұл етістіктер аналитикалық құрылымдар құруда маңызды рөл атқарады және күрделі етістік жасаудың негізгі элементтері болып саналады.

Бол етістігі негізгі етістік қызметін атқарғанда, мағыналық реңктер қосып, түрлі модальдық мәндерді үстейді: *болып қалса керек, болу керек, болуы рас, болуы жөн, болуы дұрыс* және т.б. (Момынова, Саткенова, 2014: 167-169; 239-240).

Ал көмекші етістік ретінде *бол* аналитикалық формаларды жасап, шақтық және жақтық мағыналарды білдіруге көмектеседі. Мысалы: *айтып болмақ, естіп болды, көріп болмақшы, істеп болған* және т.б.

Күрделі етістіктің аналитикалық түрін жасағанда *бол* етістігі – іс-әрекеттің аяқталғанын көрсететін негізгі көрсеткіш (*-п бол* формасы).

Бол етістігі құранды етістіктерді жасауға қатысқанда құранды етістіктер (*құмар бол, адам бол*) немесе тұрақты тіркестер (*ел бол, көз бол*) деп қарастыруға қатысты ғылыми пікірталастар бар. Алайда тұрақты тіркес пен күрделі сөздің айырмашылығы олардың мағынасына байланысты анықталады. Тіркес мағыналық реңк үстеп, жаңа семантикалық мәнге ие болса, ол тұрақты тіркес болып саналады. Ал тіркес атау қызметін атқарса, ол күрделі сөз ретінде қарастырылады. Құранды етістіктерді жасайтын қалыптасқан үлгілерге *зат есім + бол, сын есім + бол, сан есім + бол* үлгісі жатады.

Ет көмекші етістігі *қылды, жасады* етістіктерімен мағыналас, есім сөздерге тіркесіп құранды күрделі етістік тудырады. *Арс етті, дір етті, жалт етті, қылт етті, шап етті, сарт етті, адам етті, талап етті, қызықты етті, солай етті* т.б. үлгідегі құранды етістіктер *ет* көмекші етістігі арқылы жасалып тұр.

Қыл етістігі – құранды етістіктерді жасайтын көмекші етістіктердің бірі, *ет* етістігімен мағыналас, яғни іс-әрекетті білдіретін есім сөздермен тіркесіп, жаңа етістік жасайды. *Қыл* етістігімен тіркескен сөздерді *ет* етістігімен алмастырғанда, айтарлықтай мағыналық айырмашылық байқалмайды, құранды күрделі етістік жасауға негіз болады:

- *жоқ қылды* → *жоқ етті*
- *сән қылды* → *сән етті*
- *қам қылды* → *қам етті*.

Соңғы жылдары айтылған ерекшелеу пікір ретінде М. Оразовтың: «Жат етістігінен басқа үшеуі қосымша қабылдамай әрі қалып етістікті, әрі бұйрық райының екінші жағына тән мағынада қолданылады. Мысалы, *үйде отыр, босағада тұр, аулада жүр* дегенде амал-әрекет жоқ, қалыпты мағына бар. Ал *столға отыр, орныңнан тұр, менімен жүр* десек, бұйрық мағына анық байқалады. Жатыр етістігінің бұйрық рай мағынасында қолданылмауының өзіндік сыры бар. біріншіден, жатыр етістігінің бұйрық мағынасын білдіретін *жат* етістігі бар. Екіншіден, *жатыр* етістігінің құрамындағы *-ыр* тіл тарихында ауыспалы осы шақтың қосымшасы. Сол

қасиетін *жатыр* етістігінің құрамында қолданғанда да сақтап қалған. Демек, *жатыр* етістігі ашық рай мағынасында қолданылып тұр, сондықтан оның бұйрық рай формасымен сәйкес келмейтіндігі, мағынасы жағынан ерекшеленіп жататындығы анық» (Оразов, 1997: 114).

Қорытындылай келе, құранды күрделі етістіктердің мынадай негізгі ерекшеліктері бар:

1. Құранды күрделі етістіктер – күрделі сөздердің бір түрі, сондықтан олардың бойында күрделі сөздерге тән қасиеттер сақталған.

2. Бұл етістіктер есім сөз бен көмекші етістіктің тіркесуінен жасалады.

3. Құранды күрделі етістіктердің лексика-семантикалық ерекшелігі – олар есім сөздерге етістік мағынасын үстейді, әрекетті білдіреді.

4. Құранды етістіктер сөйлеу барысында фразеологиялық тіркес немесе еркін сөз тіркесі түрінде қолданылады.

5. Құранды күрделі етістіктерді жасауда *ет*, *қыл*, *бол* жиі қатысады. Осы ерекшеліктер құранды күрделі етістіктердің қазақ тіліндегі грамматикалық жүйедегі орнын анықтайды.

Функционалды грамматика да осы ерекшеліктер қамтыла ма? Дұрысында тіл мен сөйлеу арасындағы бірліктердің қолданысы туралы мынаны айтуға болады: «Адамдар сөйлеу кезінде тілдегі, жүйедегі бар сөздермен, морфемалармен, фонемалармен ғана ашектеліп, осы деңгейдегі тіл бірліктерін жаңадан ойлап тауып қолданбайды, Керісінше, олар сөйлеу әрекетінде бұрын айтылмаған, жазылмаған мыңдаған жаңа сөйлемдерді қолдануы мүмкін» (Бондарко, 1999). Яғни, бұл пікірден сөйлеудің тіл жүйесі аясына сыймай жататын кездері болатынын аңдауға болады. Аяға сыймайын себебі функционалды-мағыналық өрістің түрлі жағдаятпен (өмір тек ұқсас жағдаяттардан тұрмайды) байланысты болуында. Сөйлеу кезінде грамматикалық жүйе контекспен іліктесіп, бір бағытта жұмсалады. Ал күрделі етістіктерге байланысты функционалдық тұрғыдан ішкерілей зерттеу жүргізу болашақтың ісі, мақаланың мақсатына енбейді. Өйткені алда келтірілетін мысалдар жазба тілден, яғни нормға сай дұрыс құрылған құрылымдар жүйесінен тұрады. Сөйлеуден кететін қателер, нормасыздық осы тіл жүйесінің бұзылуына қарай анықталады. Сондықтан да сөйлеуде норма болмайды деген пікірдің жаны бар. Ал осыдан келіп сөйлеу кезіндегі нормасыздықтың өзі сөйлеу тілі үшін норма болмай ма деген заңды сұрақ туындайды. Тіл мәдениетін зерттеушілер осы мәселеге тек нормалылық тұрғысынан келсе, сөйлеу тілі, күрделі етістіктердің мағыналық өрістері, түрлері шектеледі деп ойлаймыз. Бұл мәселе жалпы қазақ тіл біліміндегі функционалдық С. Құлманов, А. Жаңабекова, М. Жолшаева т.б. еңбектерде қарастырылып жүр (Жаңабекова, 2012; Қазақ тілінің функционалды грамматикасы, 2011; Құлманов, 2025).

Қазіргі публицистиканың хабарлама жанрындағы күрделі етістіктердің қолданысы

Кейбір күрделі етістіктердің компоненттерінің нақты саны қанша болатыны туралы нақты шешімді пікір жоқ, тек екіден көп екені туралы айтылады. Қазіргі кезде, заман ағысы жылдамдаған кезде күрделі етістіктердің қолданысы туралы да ізденістер қажет. Соған орай кейбір мәтіндердегі етістіктер (баяндауыштар) іріктеліп алынып, аз ғана сандық, сапалық талдау берілді. Бірақ бұл талдау күрделі етістік яки етістіктің қолданысы, қызметі туралы модель (қалып) еместігін ескертеміз. Мысалы, «Егемен Қазақстан» газетіндегі кейбір газет жанрлары мен мәтіндеріндегі күрделі етістіктерге сараптама жасап көруге болады: «*Бүгінде отандық нарықта кәрі де, жас та сүйсіне жейтін ұлттық тағамды бизнес көзіне айналдырған кәсіпкерлер баршылық. Осы бағыттағы идеясын сәтті іске асырған кәсіпкердің бірі – Қуаныш Данияр. 29 жастағы кейіпкеріміз құрт, ірімшік, сары май сатумен жылдық айналымын 2 млрд теңгеге жеткізген. Тіпті серіктестері құртты бір күнде 100-200 кило шамасында сатып жатыр.*

– 9 жылдағы тәжірибемде байқағаным, құртқа деген сұраныс жыл сайын артып келеді. Өйткені тұтынушы көп. Бізде құрт өнімінің 45-ке жуық түрі бар. Осы қарқыннан қалмай әрекет етсек, жылдық айналымды 10 млрд теңгеге жеткізуге мүмкін. Қазір кәсіптің онлайн немесе оффлайн форматының қай-қайсысынан да жақсы табыс табамыз. Сондықтан ауылда да, қалада да бұл бизнеспен кедергісіз айналысуға болады. Оның үстіне кәсіпке салынатын қаражат та маңызды емес. Мәселен, 50 мың теңгеге 38 кило құрт алып, үстіне 700 теңге қосып сатсаңыз, бір күнде 26 мың теңге пайда көресіз, – дейді кәсіпкер Қ. Данияр» (ЕК, 2024,

15 қараша).

127 сөзден тұратын мәтінде (хабарда) 12 сөйлем бар. Оның 2 сөйлемі – құрмалас сөйлем. Осы сөйлемдердің 5-уінің баяндауышы – модаль сөздер. Үш сөйлем екі компонентті күрделі баяндауышпен аяқталған. Әрине бұл ерекшелік осы жанрда айнымай барлық уақытта сақталады дегенді білдірмейді. Газеттің осы нөмірінде басқа мәтіндерде *сатып алуды ұйғарып отыр; сатып алу керек шығар* т.б. (4 компонентті), *қарап-ақ айқындауға болады, атап өткен жөн* (3 компонентті), *басылып шықты, шешім қабылданды, деп аталған, ұсынған болатын, деген еді, шығара бастады, дамып келеді, сатып жатыр, деуге болады, еселенеді екен, назар аударылды, айналып отыр, деп болжады, талқылап жатырмыз, қарауға дайынбыз* (екі компонентті) және дара баяндауыштар бар. Компонент саны төрттен асатын күрделі баяндауыштар кездесе қоймады. Мақалада тек компоненттер саны туралы мәлімет көлемі шағын хабарлама негізінде ғана сөз болды. Түйіндей айтқанда, күрделі баяндауыштардың қолданысы ресми мәнді мәтіндерде жиі емес екен. Ал екі компоненттен тұратын құранды және құрама күрделі етістік баяндауыштар жиі кездесті. Бірақ күрделі етістіктердің қолданыс жиілігі туралы кесімді пікір білдіру үшін газеттегі барлық жанрда жазылған мәтіндерге сараптама жасалуы керек. Ал келтірілген мәтін мобильді заманда күрделі етістіктердің қолданысы жазба мәтінде жиі емесін байқатады.

Қорытынды

Қорыта келгенде, етістік – грамматикалық категориялар мен түрлерге бай сөз табы. Дара және күрделі етістіктердің сөйлемдегі негізгі қызметі баяндауыш, ал күрделі баяндауыштар қолданысы сөйлемнің мақсатына қарай болады. Кей жанрдағы мәтіндердегі (сөйлемдерде) ой модаль сөздер арқылы іске асады. Ал модаль сөздер баяндауыштарға қарағанда нақтылықтан гөрі мүмкіндікті, болжамды, жай сипаттамалықты көрсетеді. Сондықтан күрделі баяндауыштар – табиғаты күрделі сөздер әрі ресми, іскери, есеп мәнді мәтіндерге нақтылық сипатын үстейді. Заңдылық бойынша олардың компоненттерінің саны екіден жоғары болуға тиісті, жасалуы есім және етістіктерге, сондай-ақ көмекші етістіктердің қолданысына, қызметіне байланысты. Соған орай құрама, құранды, сараламалы, идиомаланған күрделі етістіктер деген түрлері анықталған, семантикалық сипатына қарай алғашқы классификациясы Ы. Мамановтың пікірлерінде орын алған.

Етістіктің күрделі түрі туралы сөз болғанда көмекші етістіктердің, қалып етістіктерінің орны ерекше екені мақалада аталып өтілді. Көмекші етістіктердің жекелеген түрлері осы мақсатқа қарай талданды. Қазіргі баспасөздегі етістіктен болған баяндауыштардың қолданыс жиілігі туралы мәлімет мәтіндік талдау барысында берілді, ал күрделі етістіктердің функционалдығы мен мағыналық өрісін арнайы талдау мақаланың мақсатына жатпайды.

Болжам ретінде немесе болашақта қазіргі кездегі түрлі функционалдық стильдердегі күрделі етістіктердің қолданысы, жиілігі туралы пікір білдіру үшін барлық жанрда жазылған жаңа смарт-мәтіндерге сараптама жасалуы керек деп білеміз. Ал мақалада күрделі етістіктер туралы келтірілген мәліметтер ұлттық тіл корпусын жетілдіруде, тұтынушының бәрі ғалым болып келмейтіндіктен, кейбір түйткілді мәселелер бойынша қарапайым тұтынушы үшін бағыттаушылық функция атқарып, кәдеге асады.

Әдебиеттер

- Байтұрсынұлы А. Он екі томдық шығармалар жинағы. Қазақ және орыс тілдерінде. Төртінші том. Тіл – құрал. – Астана, Алашорда, 2022. – 384 б.
- Бегалиев Ғ., Н.Сауранбаев. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Қазақтың біріккен мемлекеттік оқу құралы баспасы, 1944. – 251 б.
- Бондарко А.В. Основы функциональной грамматики. – Санкт-Петербург: Издательство Санкт-Петербургского университета, 1999. – 200 с.
- Жанабекова А. Қазақ тіліндегі функционалды-семантикалық темпоралдылық категориясы. – Алматы: Елтаным, 2012. – 154 б.
- Жұбанов Қ. Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар. – Алматы: Ана тілі, 2002. – 256 б.
- Исаев С. Қазақ тілі. – Алматы, Мектеп, 1993. – 288 б.
- Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Қазақтың біріккен мемлекеттік оқу құралы баспасы, 1944. – 251 б.
- Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология. 1-бөлім. – Алматы: Ғылым, 1967. – 350 б.

- Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. / Жауапты редактор: М. Малбақов. 2-кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2011. – 828 б.
- Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1987. – 368 б.
- Құлманов С. Қазақ тіліндегі модалділік категориясының функционалды-семантикалық өрістері. – Алматы, 2025. – 265 б.
- Малов С.М. Памятники древнетюркской письменности. – Москва, АН СССР, 1978. – 467 б.
- Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. – Алматы, Мектеп, 1966. – 153 б.
- Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Құрастырған: Ғ. Әнес. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 640 б.
- Момынова Б.Қ., Саткенова Ж.Б. Қазақ тілінің морфологиясы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 279 б.
- Оразов М. Көмекші сөздер. – Ташкент: Наурыз, 1997. – 184 б.
- Оразов М. Етістік (грамматикалық формаларының қалыптасуы мен дамуы). – Алматы: Ы. Алтынсарин ат. білім академиясының республикалық баспа кабинеті, 2001. – 387 б.
- Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі аналитикалық етістіктер. – Алматы, Ана тілі, 1978. – 120 б.
- Шақенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар. – Алматы, Мектеп, 1991. – 136 б.
- Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (глагол). – Ленинград: Наука, 1981. – 181 стр.
- Ысқақов А. Қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ғылым 1964. – 356 б.
- Ысқақов А. Қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Мектеп, 1991. – 399 б.

References

- Baitursynuly, A. (2022) On eki tomдық shygarmalar zhinagy. Qazaq zhane orys tilderinde. Tortinshi tom. Til–qural. Astana: Alashorda, 384 b. [Baitursynuly, A. (2022) Collected Works in Twelve Volumes. In Kazakh and Russian. Fourth Volume. Til–Qural. Astana: Alashorda, 384 p.] (in Kazakh)
- Begaliyev, G., Sauranbaev, N. (1944) Kazakh tilining grammatikasy. Almaty: Qasaqtyng birikken memlekettik oqu quraly baspasy, 251 b. [Begaliyev, G., Sauranbayev, N. (1944) Grammar of the Kazakh Language. Almaty: Kazakh United State Educational Manual Publishing House, 251 p.] (in Kazakh)
- Bondarko, A.V. (1999) Osnovy funktsionalnoy grammatiki. Sankt-Peterburg: Izdatelstvo Sankt-Peterburgskogo universiteta, 200 s. [Bondarko, A.V. (1999) Fundamentals of Functional Grammar. St. Petersburg: St. Petersburg University Press, 200 p.] (in Russian)
- Isaev, S. (1993) Qazaq tili. Almaty: Mektep, 288 b. [Isayev, S. (1993) Kazakh Language. Almaty: Mektep, 288 p.] (in Kazakh)
- Malov, S.M. (1978) Pamjatniki drevnetjurkskoj pis'mennosti. Moskva: AN SSR, 467 s. [Malov, S.M. (1978) Monuments of Old Turkic Writing. Moscow: USSR Academy of Sciences, 467 p.] (in Russian)
- Mamanov, Y. (1966) Qazirgi qazaq tili. Etistik. Almaty: Mektep, 153 b. [Mamanov, Y. (1966) Modern Kazakh language. Verb. Almaty: Mektep, 153 p.] (in Kazakh)
- Mamanov, Y. (2014) Qazaq til biliminin maseleleri. Qurastyrgan: G. Anes. Almaty: Abzal-aj, 640 b. [Mamanov, Y. (2014) Problems of Kazakh Linguistics. Compiled by G. Anes. Almaty: Abzal-ai, 640 p.] (in Kazakh)
- Momynova, B.K., Satkenova, Zh.B. (2014) Qazaq tilining morfologijasy. Oqu quraly. Almaty: Qazaq universiteti, 279 b. [Momynova, B.K., Satkenova, Zh.B. (2014) Morphology of the Kazakh Language. Textbook. Almaty: Kazakh University, 279 p.] (in Kazakh)
- Orazov, M. (1997) Komekshi sozder. Tashkent: Nauryz, 184 b. [Orazov, M. (1997) Auxiliary Words. Tashkent: Nauryz, 184 p.] (in Kazakh)
- Orazov, M. (2001) Etistik (grammatikalıq formalarynyng qalyptasuy men damuy). Almaty: Y. Altynsarin at. bilim akademijasy, resp. baspa kabinetі, 387 b. [Orazov, M. (2001) The Verb (Formation and Development of Grammatical Forms). Almaty: Y. Altynsarin Academy of Education, 387 p.] (in Kazakh)
- Oralbaeva, N. (1978) Qazaq tilindegi analitikalıq etistikter. Almaty: Ana tili, 120 b. [Oralbayeva, N. (1978) Analytical Verbs in the Kazakh Language. Almaty: Native Language, 120 p.] (in Kazakh)
- Qazaq tilining grammatikasy (1944) Almaty: Qasaqtyng birikken memlekettik oqu quraly baspasy, 251 b. [Grammar of the Kazakh Language (1944) Almaty: Kazakh United State Educational Manual Publishing House, 251 p.] (in Kazakh)
- Qazaq tilining grammatikasy. Morfologija. 1-bolim. (1967) Almaty: Gylım. 350 b. [Grammar of the Kazakh language. Morphology. Part 1. (1967). Almaty: Gylım, 350 p.] (in Kazakh)
- Qazaq tilining funktsionaldy grammatikasy (2011) Zhauapty redaktor: M. Malbaqov. 2-kitap. Almaty: Dajk-Press, 828 b. [Functional Grammar of the Kazakh Language. (2011). Ed. by M. Malbakov. Vol. 2. Almaty: Daik-Press, 828 p.] (in Kazakh)
- Qazirgi qazaq tilining sozzhasam zhujesi (1987) Almaty: Gylım, 368 b. [The Word-Formation System of Modern Kazakh (1987) Almaty: Gylım, 368 p.] (in Kazakh)
- Qulmanov, S. (2025) Qazaq tilindegi modalilik kategorijasynyng funktsionaldy-semantikalıq oristeri. Almaty, 265 b. [Kulmanov, S. (2025) Functional-Semantic Fields of the Modality Category in the Kazakh Language. Almaty, 265 p.] (in Kazakh)
- Shakenov, Zh. (1991) Qazaq tilindegi kurdeli sozder men kurdeli tulgalar. Almaty: Mektep, 136 b. [Shakenov, Zh. (1991) Compound words and complex forms in the Kazakh language. Almaty: Mektep, 136 p.] (in Kazakh)

Shcherbak, A.M. (1981) Ocherki po sravnitel'noj morfologii tjurkskih jazykov (glagol). Leningrad: Nauka, 181 s. [Shcherbak, A.M. (1981) Essays on Comparative Morphology of Turkic Languages (Verb). Leningrad: Nauka, 181 p.] (in Russian)

Ysraqov, A. (1964) Qazaq tili. Morfologija. Almaty: Gylım, 356 b. [Ysraqov, A. (1964) Kazakh language. Morphology. Almaty: Gylım, 356 p.] (in Kazakh)

Ysraqov, A. (1991) Qazaq tili. Morfologija. Almaty: Mektep, 399 b. [Yskakov, A. (1991) Kazakh Language. Morphology. Almaty: Mektep, 399 p.] (in Kazakh)

Zhangabekova, A. (2012) Qazaq tilindegi funkcionaldy-semantikalyq temporaldylyq kategorijasy. Almaty: Eltany, 154 b. [Zhanabekova, A. (2012) The functional-semantic category of temporality in the Kazakh language. Almaty: Eltany, 154 p.] (in Kazakh)

Zhubanov, Q. (2002) Qazaq tilining gylımy kursy zhoninen lekcijalar. Almaty: Ana tili, 256 b. [Zhubanov, K. (2002) Lectures on the Scientific Course of the Kazakh Language. Almaty: Ana tili, 256 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 28.02.2025.

© Момынова Б.Қ., Анесова У.Г., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025

